

№4- тәжірибелік сабақ: Конструктивистік көзқарас

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін халықаралық саясатта либерал теорияны танымын жасай алады. Либерал теория ішіндегі әртүрлі көзқарастарды бір-бірінен ажырата алады. Марксист теорияның халықаралық саясатқа деген ұстанымын түсіндіре алады. Құраушы(жинау, құрастыру) ұстанымын өзге теориялармен салыстыра алады.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: Феминист теорияның халықаралық саясат дисциплинасына берген үлесін түсіндіре алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, демократиялық бейбітшілік теориясын, неолиберал құрылымшылдық, империализм, тәуелділік теориясы, сын теориясы секілді ұғымдардың мән мағынасын түсінеді.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас.

Қырғи қабақ соғыстың аяқталуымен қатар Конструктивистік деп аталатын бір топ теоретиктер Реализмнің материалистік көзқарасын сынға алып, жүйедегі өзгерістерді түсіндіруге бұл теорияның жеткіліксіз болғанын айтады. Конструктивистік ұстаным ішінде көптеген әртүрлі пікірлер бар. Бірінші ұстаным, Александр Вендт жетілдірген Әлеуметтік Конструктивизм деп аталатын және ұжымдық кімдіктің(identity) жүйелік өзара ықпалдасу арқылы қалыптастыруға болатынын жақтаған ұстаным болып табылады.

Вендт реализмнің кейбір пайымдауларымен келіскенімен, халықаралық жүйенің құрылымы, жүйелік өзгерісі, кімдік(identity) пен мүдде туралы көзқарастары мүлде бөлек.

Ең алдымен, әлеуметтік конструктивистер неореализмге кереғар түрде халықаралық жүйенің құрылымы материалдық емес, әлеуметтік құрылым деп тұжырымдайды. Вендттың пікірінше, халықаралық жүйенің құрылымы тек материалдық мүмкіншіліктерден ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қатынастардан тұрады. Бұл әлеуметтік құрылымға үш негізгі элементті қамтиды: ортақ ақпарат, материалдық шикізаттар мен тәжірибелер. Біріншіден, әлеуметтік құрылым бәріне ортақ ақпараттан, үміттерден және нормалардан тұрады. Жүйеге үстемдік ететін бұл факторлар акторлар арасындағы қатынастардың ынтымақтастыққа немесе қақтығысқа бейімділігін анықтайды. Егер жүйеде мемлекеттер бір-біріне сенбейтіндігі туралы түсінік үстемдік етсе, жүйеде анархия пайда болады.

Әлеуметтік құрылымының екінші элементі - материалдық шикізаттар. Бірақ конструктивистік теорияда материалдық шикізаттар реалистердікінен өзгеше. Конструктивистер әлеуметтендірілген материалды шикізаттарды тілге тиек етуде.

Олардың ойынша, мемлекетке тиесілі материалдық мүмкіншіліктердің маңыздылығы, осы мүмкіншіліктерге ие мемлекеттің өзге мемлекеттер назарындағы бейнесіне(имиджіне) қарай өзгеріп отырады. Мысалы, достас мемлекет ретінде қарастырылған мемлекеттің материалдық мүмкіндіктері қауіп

төндірмейді, ал жау ретінде көрінетін мемлекеттің күші қауіп ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда дос немесе дұшпан бейнесі акторларға байланысты субъективті ұғым болып табылады. Мысалы, Иранның ядролық зерттеу жұмыстары Түркия үшін қатер төндірмесе, АҚШ үшін қауіп-қатер болып саналады, өйткені Түркия үшін Иран дос, АҚШ үшін дұшпан ел. Сонымен, мемлекеттердің ұстанымдары қоғамдық құрылымның қалыптасуында әсерлі фактор болып табылады.

Конструктивистік ұстанымды жақтаушылар, құрылым мен актор арасындағы өзара ықпалдастықтың болғандығын айтып, неореалистердің құрылым тұжырымдамасынан ерекшеленуде. Неореализм бойынша, құрылым - бұл материалдық және абстрактілі формация, ал егер қалыптасқан жағдайда, мемлекеттер оған ықпал ете алмайтын, бірақ мемлекеттердің іс-әрекеттері мен таңдауларына әсер ететін күшке айналады. Конструктивистер болса, құрылым мен актордың арасында өзара ықпалдастықтың болғанын айтуда. Бұл бойынша құрылым әлеуметтік құрылым болып табылады және идеялар, нормалар мен принциптер осы құрылымды қалыптастырады. Құрылым қалыптасқаннан кейін, бұл акторлардың іс-әрекеттері мен таңдауларына әсер етуі мүмкін. Алайда, акторлар да өз іс-әрекеттерімен құрылымға үстемдік ететін идеялар, нормалар мен принциптердің айналып келгенде құрылымның да өзгеруіне себеп болуы мүмкін. Яғни, құрылым мен актор бірін-бірі өзара құрастырады.

Әлеуметтік Конструктивистер, жүйеге үстем идеялар мен нормалар аясында мәдениеттің үш түрін айтуда. Барлығы бірін-бірі жау көретін *Гоббстік* мәдениет, акторлар бір-бірін бақталас ретінде көрген *Локктық* мәдениет және ынтымақтастық пен достық үстемдік ететін *Канттық* мәдениет. Жүйеге үстемдік ететін нормалар мен ережелердің өзгеруі мәдени өзгерісті тудырады. Сондықтан, Әлеуметтік Конструктивистер неореалистердің күш әлеуеттеріндегі өзгерістерді түсіндіретін жүйелік өзгерісті, жүйеге үстем болған нормалар мен идеялардың өзгеруіне тәуелді түрде өзгертін мәдени өзгерістермен түсіндіруде.

Әлеуметтік Конструктивистерді Реалистерден ажырататын екінші маңызды мәселе - бұл акторлардың кімдігі(identity) және кімдіктермен(identity) мүдде арасындағы байланыс. Неореалистер мемлекеттердің өзімшіл кімдік(identity) пен мүдде көздеудің себебі ретінде халықаралық жүйенің құрылымын атап көрсеткен. Біреу біреуге сене алмайтын анархиялық жүйеде мемлекеттер өздерінің мүдделерін ойлауға мәжбүр, осыдан да өзімшіл кімдікке ие. Алайда, Конструктивистер, мемлекеттердің әлеуметтік кімдіктері(identity) құрылым тарапынан күшпен қалыптаспағанын, мемлекеттердің өзара ықпалдасуының нәтижесінде қалыптасып жатқанын айтуда.

Егер мемлекеттер арасындағы өзара ықпалдастық жақсы болса, онда бұл мемлекеттердің өзімшіл кімдік(identity) орнына ұжымдық кімдік(identity) қалыптастыруына, ал егер жаман болса, олар өзімшіл кімдіктің(identity) қалыптасуына себеп болады. Қалыптасқан кімдік(identity) де мемлекеттердің мүдделерін өзімшіл немесе ұжымдық екенін сипаттай алады, және осы себептен де жүйенің анархияға немесе ынтымақтастыққа деген бейімділігін анықтайды.

Конструктивистер пікірінше, жүйелік деңгейде ұжымдық кімдіктің(identity) пайда болуына немесе болмауына әсер ететін негізгі үш фактор бар. Осы факторлардың алғашқысы, *халықаралық немесе аймақтық ішкі жүйенің құрылымы*. Бұл құрылымдар мемлекеттер арасындағы ықпалдастық ортасын құрғандықтан, осы жүйелерге үстемдік ететін нормалар мен идеялар өзімшіл немесе ұжымдық кімдіктің(identity) қалыптасуына әсер етеді.

Екінші фактор - *жүйелік процестер*. Осы процестердің алғашқысы мемлекетаралық өзара тәуелділік дәрежесі. Осы тәуелділіктің артық болуы мемлекеттердің ұжымдық кімдік(identity) қалыптастыруын жеңілдетсе, ал оның аз болуы өзімшіл кімдіктің(identity) қалыптасуын тездетеді. Екінші жүйелік процесс болса, бұл мемлекеттердің ие болған құндылықтарының бір-біріне жақындық дәрежесі. Ұқсас мәдени және саяси құндылықтарды бөлісетін мемлекеттердің ұжымдық кімдікті(identity) әлдеқайда оңай қалыптастыратыны анық.

Соңғысы, *стратегиялық практика* да ұжымдық кімдіктің(identity) қалыптасуына әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Стратегиялық практика *ұстанымдық* (яғни акторлардың бір-бірімен ықпалдастық болмысы) немесе *дискурстық* (яғни акторлардың бір-бірімен сөйлесуі) болуы мүмкін. Ұстанымдық пен дискурстың табиғаты кімдіктің(identity) ұжымдық немесе өзімшіл болып қалыптасуына себеп болады.

Мемлекеттер өздерінің кімдіктерін(identity) қалыптастырғаннан кейін, осы кімдіктеріне(identity) қарай мүдделерін анықтайды. Өйткені конструктивистер акторлардың кім екенін білмей, олардың мүдделерінің қандай екенін біле алмайтынын айтуда. Демек, мемлекеттердің жүйелік ықпалдасуы нәтижесінде қол жеткізген кімдік(identity) мүдделерінің де қайнар көзін қалыптастырады.

Конструктивист теорияның екінші тәсілі, Әлеуметтік Конструктивистердің жүйелік тәсілін сынаған, әдетте *Акторға Негізделген Конструктивизм* деп аталатын тәсіл. Бұл тәсіл кімдікке(identity) қатысты жеке тұлғалық әсерлерді қолға алуда. Теорияға сәйкес, халықаралық саясаттағы акторлар өзіндік пікір мен кімдікке(identity) ие және осы тұрғыдан олар өзге акторлардан ерекшеленеді. Ұлттық кімдік(identity), яғни бір мемлекеттің өз ішінде қалыптастырған кімдік(identity), олардың халықаралық жүйеде басқаларды қалай қабылдағанын да анықтайды. Ұлттық кімдікпен(identity) анықталған мұндай қабылдау мемлекеттердің басқаларға қатысты ұстанымдарына да әсер етеді. Бірақ мемлекеттер, халықаралық жүйеде басқаларымен бірге диалог немесе өзара ықпалдастықтың нәтижесінде жүйелік кімдікті(identity) қалыптастыра алады. Осылайша мемлекеттердің жүйелік және ұлттық деп аталатын екі кімдігі (identity) болады. Бұл көзқарас, саяси элитаның сенімдері мен идеологиялары (ұлттық кімдіктің (identity) бір бөлігі болып табылады) да мемлекеттің іс-әрекеттеріне әсер ететінін айтуда. Осылайша, Акторларға Негізделген Тәсіл Әлеуметтік Конструктивистердің жүйелік талдауын сынап, халықаралық және ұлттық деңгейдегі кімдік (identity) түсініктерінің халықаралық саясаттағы маңыздылығын көрсетеді. Себебі мемлекеттерді тек актор ретінде қабылдайтын тәсіл осы мемлекеттерді құрайтын және

мемлекеттердің ішінде орын алатын практикаларға назар аудармайды.

Конструктивистік көзқарасқа қарсы сын

Конструктивистік көзқарасқа бағытталған негізгі сындардың бірі – Конструктивистердің мемлекеттің іс-әрекеттеріндегі өзгерістерді түсіндіру әдісі болып отыр. Конструктивистердің пікірінше, жүйеде үстем болған пікірлер мен нормалар уақыт өте келе, пікір-таластар мен дискурстар аясында өзгеруі мүмкін және бұл мемлекеттің іс-әрекеттерінің өзгеруіне бастайды. Бірақ пікірлер мен дискурстардың өзгеру себебін Конструктивистер өз дәрежесінде жеткізіп түсіндіре алмуда. Бұған қоса, Конструктивистер кейбір пікірлердің алға шығуын, басқаларының артта қалғанын түсіндіре алмайды.

Конструктивистерге бағыттылып айтылған сындардың біреуі де әдіснамаға қатысты. Бұл сын-ескертпелер Конструктивистердің осы теорияға негізделген зерттеудің қалай жүргізуге болатындығы туралы аса ашық айтпайдықтарын мәлімдеуде.

Соңында, Конструктивистердің айтуы бойынша, күш секілді объективті шындық жоқ. Барлығы субъективті және акторлар үшін мәнді нәрсе акторлардың кімдігіне(identity) байланысты. Бұндай жағдайда халықаралық саясатта болып жатқан оқиғаларды түсіндіретін жалпы теорияны құру мүмкін емес.

Феминист көзқарас

1980-ші жылдардан бастап феминистер халықаралық саясаттағы пікірталастарға қатыса бастайды және дәстүрлі халықаралық саясат теориясы мен практикасын көптеген тұрғыдан сынап бастайды.

Феминистік теория көптеген тәсілдерді қамтиды. Бұл тәсілдердің барлығы, әдетте, халықаралық саясаттың жұмысында гендердің маңызды екенін, бірақ осы уақытқа дейінгі зерттеулерде ескерілмеген деп тұжырымдайды. Халықаралық саясаттағы феминистік көзқарастың негізгі болжамдарын келесідей қорытындылауға болады.

Феминистердің пікірінше, дәстүрлі теориялардың әмбебап ақиқат ретінде қабылдаған пайымдаулары тек *еркектер* үшін ғана жарамды болып табылады. Атап айтқанда, Реализмнің мемлекет, күш, анархия, мүдде мен егемендік сияқты ұғымдары еркектердің бір-бірімен ықпалдастығын және олардың дүниеге деген көзқарасын көрсетеді. Сондықтан, Реалистер сыртқы саясатта шешім қабылдау, мемлекеттік егемендік немесе әскери күш қолдану секілді тақырыптарды талқылау кезінде негізгі актордың еркектер екенін пайымдауда. Әлемдегі көптеген елдердің көшбасшыларының ер адамдар болуы феминистердің әйелдердің неліктен осы процестерден шеттеп қалғанын күн тәртібіне әкелуіне себеп болды.

Феминистер, гендердің сыртқы саясат шешім қабылдау үдерісінде қалай әсер ететінін де көрсетуге тырысты. Олардың пікірінше, жынысқа негізделген дискриминация ең жоғарғы сатыда еркектер тұратын иерархиялық құрылымдарды тудырды. Еркектер үстемдік ететін бұл құрылымдар әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздікті одан әрі арттыратын іс-әрекеттерді өрбітті және әйелдердің халықаралық саясатқа қосқан үлестерін елемеді. Феминистік теорияға сәйкес, әйелдер халықаралық саясатта еркектер сияқты ықпалды,

алайда бұл ықпал ресми арналар арқылы емес, ресми емес және мемлекеттік емес арналар арқылы жүзеге асуда.

Сонымен қатар, Феминистер дәстүрлі ұстанымдардың гендерлік ұғымын да сынайды. Олардың пікірінше, дәстүрлі ұстанымдар мемлекет басқару немесе соғыс сияқты оқиғаларды еркектердің жұмысы деп санайды. Бұл жағдай әйелдердің халықаралық саясатта орны болмағаны секілді пайымдалуда. Әйелдерді екінші орынға итермелейтін бұл ұстаным іс жүзінде жалпы әлеуметтік құрылыстың өнімі болып табылады. Жеке тұлғалардың қоғамдағы рөлі, әдетте, сол адамдардың жынысына сәйкес анықталуда. Бұл рөлдер еркектерді қоғамдық және саяси салаларға неғұрлым қолайлы деп санаса, әйелдерді өзіндік жеке салаларға қолайлы деп санайды. Бұл да еркектердің әйелдердің рөлі туралы түсініктеріне әсер етіп, әйелдердің халықаралық саясат сияқты салалардан шеттетілуіне себеп болуда.

Деңгейлік тапсырмалар:

1 – Неолиберализм мен Либерализм қай тұрғыда бір-бірінен бөлінеді?

1 –деңгейлік сұрақ. Неореализм, неоклассикалық реализм, басқыншы реализм айырмашылықтарын түсіндіріңіз.

1 –деңгейлік сұрақ. Бүгінгі күнгі халықаралық жүйені либерал және реалист теориялар тұрғысынан түсіндіріңіз?

2–деңгейлік сұрақ. Марксистік ұстанымды жалпы алғанда өзге ұстанымдардан ерекшелендіріп тұрған не?

2–деңгейлік сұрақ. Конструктивистік теория мен Реализм арасындағы негізгі айырмашылықтарды көрсетіңіз.

3–деңгейлік сұрақ. Халықаралық ынтымақтастықтың теоретикалық тұжырымдары?

3–деңгейлік сұрақ. Жан-Жак Руссоның «Мәңгі әлем туралы ойы» және халықаралық қатынастың классикалық либералдық парадигмасы

ОБӨЖ тапсырмалары: Халықаралық қатынастардың өзегінің марксистік- лениндік түсінігіМарксизм және халықаралық қатынастар

БӨЖ тапсырмалары: Неореализм, постмодернизм-анықтама беру.

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және бірге әлем логикасы, 2017,

М. Кишор

- 8.Бітімгер: Сирия түйіні,Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireçci M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar

